

Ресми рецензент, филология ғылымдарының докторы, профессор К.Н. Смағұлованың «8D02304 – Филология» білім беру бағдарламасы бойынша философия (PhD) докторы дәрежесін алу үшін Мүлкаманова Айгерім Жарылғасынқызының «Этномәдени құндылықтардың фразеологизмдердегі көрінісі (қазақ, орыс, ағылшын тілдері материалдары негізінде)» атты тақырыпта жазған диссертациялық жұмысына
ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);</p> <p>2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);</p> <p>3) <u>диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.</u></p>	<p>Мүлкаманова Айгерім Жарылғасынқызының «Этномәдени құндылықтардың фразеологизмдердегі көрінісі (қазақ, орыс, ағылшын тілдері материалдары негізінде)» диссертация тақырыбы қазіргі ғылымның даму бағыттары және Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңына, білім және ғылым саласына қатысты нормативтік құқықтық құжаттарда белгіленген басымдықтарға толық сәйкес келеді.</p> <p>Докторант зерттеуі Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының Білім және ғылым саласындағы зерттеулер бағытына сәйкес келеді. Диссертация «8D02304 филология» білім беру бағдарламасы бойынша ұсынылған.</p>
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін <u>қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.</u>	«Диссертациялық жұмыс «Этномәдени құндылықтардың фразеологизмдердегі көрінісі (қазақ, орыс, ағылшын тілдері материалдары негізінде)» тақырыбы бойынша адамның рухани

			және материалдық әлеміне қатысты базалық концептілерді лингвомәдениеттанымдық, лингвоаксиологиялық, этнолингвистикалық тұрғыда талдау арқылы тілдің этнос дүниетанымына әсерін анықтау арқылы когнитивті лингвистика және лингвомәдениеттану салаларына маңызды ғылыми үлес қосады. Зерттеудің маңыздылығы түрлі мәдениеттердің ұқсастығы мен айырмашылығын көрсететін тұрақты тіркестер-фразеологизмдер ұлттық тілдік тұлғаның менталдық ерекшеліктерін айқын көрсететін сала болғандықтан, лингвомәдени және лингвокогнитивтік аспектіде салғастырмалы үш тілдік контексте қалай кодталатыны фразеологиялық деректермен ашылған.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: <u>1) жоғары;</u> 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Диссертант А.Ж.Мұкамалованың ғылыми жұмысты өзі жазу деңгейі жоғары, диссертацияның теориялық құрылымын жан-жақты меңгерген. Зерттеуде ғылыми жұмыстың мақсатына қарай, белгіленген міндеттер толығымен орындалған, жаңашыл зерттеу әдістерін қолданған. Зерттеуде логикалық құрылым айқын көрінеді. Этномәдени құндылықтар жайлы зерттеулер, мәселен, психологиялық, аксиологиялық, философиялық, лингвокогнитивтік, этнолингвистикалық, лингвомәдениеттанымдық ғылымдар тоғысы жеткілікті қамтылған және талдаған материалдары дереккөздермен нақты дәйектелген. Ғылыми ойды жүйелеуі, тілдік факілермен дәйектелуі, ғылыми тұжырымдары бәрі – дәлелді.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: <u>1) негізделген;</u> 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертациялық жұмыстың өзектілігі толығымен негізделген. Зерттеудің тұтас табиғатынан жаңашыл бағыт, тың ізденіс байқалады. Антропоөзектілік ұстаным бойынша адамның өзі ұлттық тұлға ретінде танымдық әрекетінің нәтижесі тілінде қалай көрініс табатынына ерекше мән беріледі. Түрлі мәдениеттердің ұқсастығы мен айырмашылығын көрсететін қазақ-орыс және ағылшын тілдеріндегі аксиологиялық құралдарды адамның материалдық және рухани әлемін білдіретін тұрақты тіркестер кеңістігінде анықтаудың маңызы зор. Себебі фразеологизмдер адам өмірінің айнасы. Әдетте қоғамның өзгермелі даму барысында халықаралық, ұлтаралық, тұлғааралық

			<p>қатынастардан адамның болмысы мен әлеуметтік жағдай сөзсіз өзгереді. Диссертанттың зерттеуінде қазақ-орыс және ағылшын дискурсында әлеуметтік қатынасқа қарай этномәдени құндылықтардың фразеологизмдердегі көрінісі семантикалық, коммуникациялық ерекшеліктерінен байқалады. Халықаралық байланыстардың тереңдеуі мен мәдениеттер диалогында өзара түсіністікке қол жеткізудің қажеттілігі артуына байланысты зерттеулерде тіл мен мәдениет мәселесі жаңаша аспектіде қарастырыла бастағанына назар аудартады.</p>
		<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: <u>1) айқындайды;</u> 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың мазмұны мен тақырыбы ғылым талаптарына қатысты зерттеу жүйесін толық айқындайды. Диссертация құрылымы, мазмұны жүйелі де мәнді, тақырыпты толық және жан жақты ашуға қызмет етіп тұр. Жұмыс тараулары мен бөлімдері аталған тақырыпты ғылыми, теориялық, әдістемелік, эмпирикалық және статистикалық негізде кең түрде ашады. Зерттеу жұмысының екі тарауы өзара ішкі бірлікті сақтаған. Бірінші тарау «Фразеологизмдерді антропоэвектік бағытта зерттеудің теориялық негіздері» Ал екінші тарау «Қазақ, орыс, ағылшын тілдері фразеологизмдеріндегі этномәдени құндылықтарды салғастырмалы талдау» деп бөлінген.</p>
		<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: <u>1) сәйкес келеді;</u> 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.</p>	<p>Диссертацияның мақсаты мен міндеттері тақырыбына толығымен сәйкес келеді. Зерттеудің мақсаты қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі фразеологизмдерді салғастыра зерттеу арқылы этномәдени құндылықтардың табиғатын айқындау үшін міндеттер дұрыс алынған. Тақырыпты ашуда қойылған міндеттердің бағыты айқын. Атап айтқанда, қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі этномәдени құндылық өрістерін соматикалық, зоонимдік, колоративтік, нумеративтік, діни-мифологиялық, рухани т.б. жүйелеп, кодтайтын тілдік механизмдердің ерекшеліктерін көрсету арқылы этностың құндылықтар жүйесіндегі ұқсастықтар мен айырым белгілері талданған. Зерттеу нәтижесі ұсынған ғылыми тұжырымдар диссертацияның мақсат міндеттеріне толық сай.</p>
		<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері</p>	<p>Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық</p>

		<p>мен ережелері логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толық байланысқан; 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ. 	<p>тұрғыдан өзара толық байланысқан. Әр тараудың соңында зерттеу мен талдау нәтижелері қорытындыланған. Олар ғылыми шығармашылық үдерістің негізгі заңдылықтарына сәйкес құрылған. Жүйелілік принципі сақталған.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидағтар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сыни талдау бар; 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ. 	<p>Диссертант ұсынған тың тұжырымдар, ғылыми көзқарастар мен пайымдаулар қазақ-орыс және ағылшын тілдеріндегі тілдік сана, концептуалдық құрылымдар және құндылықтар туралы зерттеген отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектерімен жүйелі түрде салғастырылып, сабақтастырылып отырады. Автор ұсынған жаңа шешімдер: Әр тілдің фразеологиялық жүйесінде ұлттық мінездің, моральдық бағдардың және әлеуметтік құндылықтардың бейнесін диссертант: соматикалық фразеологизмдер арқылы әрқайсысының бағалауыштық, символдық мәні ұлттық мәдениетке сай ерекшеленетіні анықтайды; зоонимдер арқылы жасалған фразеологизмдерде әмбебап семантикалық өрістер (адалдық, айлакерлік, қорқақтық, ерлік, еңбекқорлық) ортақ болғанымен, бағалау реңкі, мәдени символикасы ұлттық дүниетанымға сай ерекше екендігін талдаған. Өсімдік әлеміне қатысты фразеологизмдер адам мен табиғат арасындағы гармонияны бейнелесе, түр-түс атаулары ұйытқы болған фразеологизмдер этностың эстетикалық талғамы мен моральдық бағалау жүйесін көрсетеді. Діни-мифологиялық фразеологизмдер халықтың дүниетанымын, моральдық құрылымын байқатады.</p> <p>Сыни талдау бар. Қазақ фразеологиясы ұжымдық құндылықтарға, табиғатпен үндестікке бағытталған. Орыс фразеологиясында адамгершілік, тағдырға басымдық беріледі. Ағылшын фразеологиясында прагматизм, дербестік, жеке жауапкершілік негізгі орында. Бұл әр халықтың дүниетанымы мен ойлау жүйесінің ерекшелігін көрсетеді..</p> <p>Қазақ, орыс, ағылшын фразеологизмдеріндегі этномәдени құндылықтар адам өмірінің барлық қырын моральдық, әлеуметтік, рухани, эстетикалық, символдық деңгейде бейнелейді. Әр ұлт тіліндегі фразеологияда халықтың рухани болмысы, дүниеге көзқарасы мен өзіндік философиясы көрініс</p>

			табады деген диссертант тұжырымы ғылыми дәйектілікпен талданған.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? <u>1) толығымен жаңа;</u> 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	1. Зерттеу нәтижелері бойынша докторанттың ғылыми қағидаттары мен тұжырымдары толығымен жаңа. Диссертант тақырыпты зерттеу барысында төмендегі бағыттарда тың нәтижелерге қол жеткізген: тілдік сананың <u>когнитивтік лингвистика</u> аясында зерттелуі - фразеологизмдер адамның ойлау жүйесін, танымдық сипатын бейнелейтін бірлік; фразеологизмдерді зерттеудегі <u>аксиологиялық ұстаным</u> - фразеологизмдердің құрамындағы құндылықтар, субъектінің бағасы; Фразеологизмдер- лингвомәдениеттанымдық ұлттық мәдениет пен дүниетанымның айнасы және халықтың рухани құндылықтары, салт-дәстүрі, ұлттық болмысы; <u>Этнолингвистикалық тұрғыдан</u> : этнос өмірімен, наным-сенім, тұрмыс, әдет-ғұрпымен байланысты; Тілдік бірліктер арқылы жақсылық пен жамандық, ар мен намыс, ізгілік пен зұлымдық сияқты моральдық ұстанымдар сараланған. Соның негізінде фразеологиялық жүйе ұлттың дүниетанымын, мәдени жадын, құндылықтық ерекшелігін бейнелейтін күрделі когнитивтік-мәдени феномен ретінде көрінеді. Нәтижесінде тілдегі фразеологиялық жүйе – тіл мен мәдениеттің өзара байланысын бейнелейтін ерекше когнитивтік кеңістік. Қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі фразеологизмдер адам мен қоғам, рух пен сана, табиғат пен мораль арасындағы қатынастарды бейнелей отырып, әр халықтың дүниетанымдық және этикалық кодын танытады.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? <u>1) толығымен жаңа;</u> 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	1. Зерттеу қорытындысы бойынша жасалған тұжырымдар толығымен жаңа. Әр қорытынды жеткілікті түрде жасалған ғылыми талдауларға негізделген. - Салғастырмалы-аксиологиялық әдістің көмегімен бұл айырмашылықтарды семантикалық деңгейде ғана емес, когнитивтік және мәдени тұрғыдан түсіндіруге болады. Қазақ фразеологизмдерінде туыстық қатынас, мал шаруашылығы, ар-намыс, рухани құндылықтарға басымдық берілсе, орыс

			<p>фразеологизмдерінде ұжымшылдық, православиелік дүниетаным, жан, эмоция басты орынға шығады. Ағылшын фразеологизмдерінде даралық (индивидуализм), оңашалану, прагматизм, рационализмге көбірек мән беріледі. Зерттеу нәтижесінде қазақ, орыс және ағылшын тілдерінің фразеологиялық жүйесі адам санасында қалыптасқан когнитивтік модельдерге сүйенетіні анықталды. Бұл модельдер адамның табиғатпен, қоғаммен, рухани дүниемен қарым-қатынасын бейнелейді. Фразеологизмдер когнитивтік тұрғыда ақпарат жинақтаушы әрі тасымалдаушы ретінде қызмет атқарады. Олар ұлттық дүниетанымның тілдік формасын қалыптастырады. Фразеологизмдердің мәдени қызметі үш деңгейде: когнитивтік деңгейде (ұжымдық санадағы мәдени білімді сақтайды); аксиологиялық деңгейде (қоғамда моральдық бағдар орнатады); коммуникативтік деңгейде (мәдениетаралық қарым-қатынас құралы болады) деген қорытынды бар..</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? <u>1) толығымен жаңа;</u> 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>1. Докторанттың диссертациясы қоғамдық-гуманитарлық бағытта орындалғандықтан, техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару саласымен жанаспайды. Алайда зерттеу нәтижесінде ұсынған ғылыми-теориялық және қолданбалы шешімдері толығымен жаңа. Зерттеудің бүгінгі ғылым талаптарымен үндестігі бар. Қазіргі заманауи қоғамда әр ұлттың құндылық концептілердің тілдік санамен, менталитетпен байланысын ашатын жаңа ғылыми ұстанымдар ұсынылған.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген/негізделмеген</u> (qualitative research (квалитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).</p>	<p>Барлық қорытындылар, негізгі пайымдаулар мен тұжырымдар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген. Зерттеуде қарастырылған қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі этномәдени құндылықтар фразеологизмдердегі соматикалық, зоонимдік, колоративтік, нумеративтік, діни-мифологиялық, рухани т.с.с. жүйелеп, кодтайтын тілдік механизмдердің ерекшеліктерін тілдік санаға қатысты теориялық және эмпирикалық материалдар кең көлемде дәйектеледі. Диссертацияда мазмұнын айқындау барысында қазақ, орыс және ағылшын тіл біліміндегі концептология, тілдік</p>

			<p>сана, этнолингвистика, лингвомәдениеттану бағалауыш семантикаға қатысты алдыңғы зерттеулер жүйелі түрде пайдаланылған. Теориялық тұжырымдарды нақты тілдік деректермен байланыстыру зерттеудің деректік негізін күшейткен.</p> <p>- Әр тілдегі лингоаксиологиялық ұғымдар қоғамдағы тарихи әлеуметтік, мәдени факторлармен сабақтастырыла талданады. Үш түрлі тілдік қауымдағы әлеуметтік стратификация (қоғамның әлеуметтік жіктелуі), құндылыққа қатысты дәстүрлі наным түсініктер, мәдени нормалар, қоғамдық санадағы стереотиптер тарихи және мәдениеттанымдық дереккөздер арқылы дәйектелген. Бұл құндылықтардың ұлттық мәдени табиғатын ашуға мүмкіндік берілген;</p> <p>-Қазақ қоғамындағы құндылықтар ұжымдық қауымдастыққа, туыстық байланысқа, әлеуметтік жауапкершілікке негізделген дүниетаным болса, орыс тіліндегі жүйесі иерархиялық сипаттағы рухани, моральдық, әлеуметтік, материалдық ұстанымға негізделген. Ал ағылшын тіліндегі құндылықтар индивидуализм, еңбек және жеке табысқа бағытталған мәдени модельдер жүйелі салғастырылады.</p>
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	<p>Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Ереже дәлелденді ме?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 	<p>7.1 Қорғауға ұсынылған қағидаттар дәлелденген. Диссертацияда этномәдени құндылықтарды тіл арқылы танытатын фразеологизмдер – қазақ, орыс, ағылшын тілдері бойынша лексикографиялық еңбектерден, көркем мәтіндерден алынған мол тілдік деректермен дәйектелген. Негізгі қағидаттар нақты тілдік мысалдармен толық дәлелденген</p> <p>7.2 Тривиалды емес. Диссертант барлық қағидаттарды белгілі анықтамалармен шектемей, оларды когнитивтік лингвистика, этнолингвистика, лингвомәдениеттану, сауалнама жүргізі және статистика негізінде жан-жақты ғылыми тәсіл арқылы өзіндік зерттеу жүргізген.</p> <p>Этностардағы аксиологиялық құрылым, бағалауыш компоненттер, ұлттық-мәдени ерекшеліктер жан-жақты сағастырмалы ғылыми интерпретациямен ұсынылады.</p>

		<p>7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p>	<p>7.3 Қорғауға ұсынылған қағидаттар жаңа. Зерттеуде жаңашыл бағыттар: -Қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі этномәдени құндылықтар алғаш рет кешенді түрде салғастырыла талданған. -Құндылықты кодтайтын тілдік механизмдердің типологиясы жүйеленіп, жалпы адамзатқа ортақ құндылықтар мен белгілі бір ұлтқа тән құндылықтар анықталды. - Этномәдени құндылықтардың эстетикалық-аксиологиялық мазмұны ашылып, олардың үш тілдегі эквиваленттік және асимметриялық көріністері айқындалды. -Өзара сәйкес, жартылай сәйкес және сәйкес келмейтін фразеологизмдердің этномәдени табиғаты айқындалып, өзге тілде баламасы жоқ фразеологизмдердің ұлттық дүниетанымдағы ерекшеліктері анықталды.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі кең. Зерттеу нәтижелері келесі пәндерде тиімді пайдалануға болады: «Когнитивтік лингвистика», «Тілдік сана теориясы», «Лингвомәдениеттану», «Салғастырмалы лингвистика», «Мәдениетаралық коммуникация» Сонымен бірге, ұлттық құндылықтарға қатысты ұлттық-мәдени түсініктерді салыстыра оқытуда, мәдениетаралық қарым-қатынас құзыретін дамытуда, тілдік тұлға мен стереотиптерді талдауда оқытушылар үшін құнды әдістемелік материал бола алады.</p> <p>7.5 Докторант зерттеу тақырыбы бойынша 6 мақала жариялаған. Scopus ғылыми деректер базасына кіретін журналдарда -1; ҚР ҒЖБ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің нәтижелерін жариялау үшін ұсынылатын басылымдарда - 4; халықаралық конференциялық жинақта - 1 жарияланған. Көрсетілген мақалалар жұмысты зерттеу барысында дайындалған.</p>
8.	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) ия; 2) жоқ.</p>	<p>Докторанттың зерттеу әдіснамасы зерттеу проблемасына толық сәйкес дұрыс таңдалған. Жұмысты жазу барысында объективті-аналитикалық, салғастырмалы-аксиологиялық, концептуалдық, контрастивтік, лингвомәдениеттанымдық, сауалнама жүргізу және статистикалық, компоненттік талдау,</p>

			<p>сонымен қатар тілдік деректерді жинақтау, жүйелеу, қорыту әдіс-тәсілдері үйлесімді пайдаланылып, зерттеу нәтижелерінің ғылыми негізділігі қамтамасыз етілген. Зерттеу материалы ретінде адамның материалдық және рухани әлеміне қатысты концептілерді білдіретін қазақ тіліндегі 716 фразеологиялық бірлік; орыс тіліндегі 596 фразеологиялық бірлік; ағылшын тіліндегі 443 фразеологиялық бірлік талданған.</p>
		<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ.</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістер мен деректерді өңдеу және талдау, түсіндіру (интерпретациялау) әдістемелерін пайдалана отырып алынған.</p>
		<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ.</p>	<p>Теориялық қорытындылар, модельдер, байланыстар және заңдылықтар тілдік деректермен, атап айтқанда, тұрақты тіркестер, мақал-мәтелдермен және сауалнама, статистикамен дәлелденген, расталған. Зерттеуде қазақ және ағылшын тілдеріндегі этномәдени құндылықтардың фразеологизмдердегі көрінісіне қатысты деректер жеке-жеке кешенді талданып, ғылыми тұжырымдардың негізділігі толық қамтамасыз етілген.</p>
		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.</p>	<p>Диссертант жұмыс жазу барысында мүмкіндігінше, этномәдени құндылықтардың фразеологизмдердегі көрінісін әр қырынан сөз еткен отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектерін және өзі жасаған эмпирикалық дереккөздер мәліметтерін талдау арқылы маңызды мәлімдемелер жасаған. Бұл әрбір тараудағы іргелі ғылыми зерттеу еңбектерді кеңінен қолдануы қажетті сілтемелермен расталған. Диссертациялық жұмыстың дәлелдемелері визуалды ақпараттармен толықтырылған 5 сурет,</p>

			30 кесте берілген. .
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.	Диссертацияда пайдаланылған әдебиеттер тізімі жеткілікті қамтылған. Зерттеу жұмысында 192 ғылыми әдебиет қолданылған. Әдебиеттер тізімі шетелдік және отандық ғалымдардың зерттеу жұмыстары мен еңбектерінен тұрады.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) бар; 2) жоқ.	Диссертацияның теориялық маңызы бар және ол келесідей ғылыми-теориялық негіздерге сүйенуімен айқындалады: зерттеу жұмысы қазақ-орыс-ағылшын тілдеріндегі «Этномәдени құндылықтардың фразеологизмдердегі көрінісіне» қатысты әр ұлтта қалыптасқан білімдер жүйесін нақтылай түсіп, ұлттар мәдениетіндегі құндылықтардың тілдік көрінісін айқындайды. Зерттеуде этномәдени құндылықтардың фразеологизмдердегі ерекшеліктерін қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі тілдік санада көрініс табуы, олардың ұлттық-мәдени аксиологиялық мазмұны, бағалауыш және символикалық мәндері туралы ғылыми тұжырымдар жасалып, концептология, когнитивтік лингвистика, лингвомәдениеттану теорияларын толықтыра түсетін жаңа деректер ұсынылған.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: <u>1) ия;</u> 2) жоқ.	Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада алынған қолдану мүмкіндігі жоғары. Диссертация нәтижесі ұсынған әдіс тәсілдер, тұжырымдар болашақ филология саласында кәсіби мамандарды дайындауда зор үлесін қоса алады. Бұл зерттеу нәтижелері: - жоғары оқу орындарында «Тілдік сана», «Когнитивтік лингвистика», «Лингвомәдениеттану», «Салғастырмалы лингвистика», «Мәдениарлық қатысым» пәндерін оқыту барысында теориялық-әдістемелік материал ретінде қолдануға, сондай-ақ болашақ мамандарды даярлауға арналған электив курстардың мазмұнын толықтыруға; - қазақ-орыс және ағылшын тілдеріндегі мәдени кодтарды, ұлттық концептілерді түсіндіруде лингвомәдени талдауды тереңдетуге; - студенттердің сөйлеу дағдысын дамытуға, түрлі мәдениет арасындағы лингвокогнитивтік айырмашылықтарды тану арқылы

			лексикалық байлығын арттыруға; - тілдік сана, концепт құрылымы, бағалауыш семантика, мәдени айырмашылықтар бойынша сабақ жоспарлау мен ғылыми-әдістемелік материалдарды әзірлеуге мүмкіндік береді.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертациялық жұмыс аясындағы практикалық ұсыныстар толығымен жаңа. Диссертанттың зерттеу жұмысы өзектілігі, мақсаттары мен міндеттері, ғылыми жаңалығы, алынған нәтижелер мен практикалық маңыздылығы тұрғысынан аяқталған ғылыми жұмыс. Этномәдени құндылықтар қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі фразеологизмдердегі ерекшеліктері алғаш рет кешенді қарастырылып отыр.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертацияның академиялық жазу сапасы жоғары деңгейде орындалған, ғылыми жұмыс диссертацияға қойылатын талаптарға сай жазылған. Нормативтік сілтемелер, белгілеулер мен анықтамалар талапқа сай жүйелі жасалған. Жазу және рәсімдеу сапасы талапқа сай.
11.	Диссертацияға ескертулер		А.Ж.Мүлкаманованың диссертациялық жұмысын оң бағалай отырып, төмендегі ескертулер беріледі: 1. «Фразеологиялық бірлік - кемінде екі сөзден тұратын, мағынасы тұрақты, тұтас лексикалық мағына берерін тілдік құрлым» деп, жұмыстың 6 бетіндегі анықтама берілген. Осы арада «лексикалық мағына емес, фразеологиялық мағына» деп берілу керек. Лексикалық мағына лексикалық бірліктен шығады. 2. Жұмыстың өн бойында «фразеологиялық бірлік» деген термин жұмсалады. Фразеологизмдердің түрлерін еске түсірсек, о баста онда фразеологиялық тұтастық, фразеологиялық бірлік және фразеологиялық тізбек деген түрлері В.В.Виноградовтан (176) аударылған. Демек, фразеологизмдер немесе тұрақты тіркестер түрінде жұмсалғаны дұрыс. 3. Пайдаланған әдебиеттерде кейбір диссертациялық еңбектердің қолжазба түрлері баспа өнімі ретінде көрсетілген: 54-58, 60,61.
12.	Докторант		Докторант зерттеу тақырыбы бойынша 6 мақала жариялаған

	<p>мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)</p>		<p>және әр мақаласының ғылыми деңгейі талапқа сай. Скопуста: 1. The Linguocultural feature of Phraseological Units of Kinship Terms (on the materials of Kazakh, Russian, and English languages) // Forum for Linguistic Studies, Vol.7 No.3, 2025, p. 830-842. Процентиль 56%, Q2. https://doi.org/10.30564/fls.v7i3.8510</p> <p>ҚР ҒЖЖБ ұсынылатын басылымдарда: 1. The Image of Kazakh Zoophraseologisms in Translation (on the basis of the novel «Nomads» by I. Esenberlin in Kazakh, Russian and English languages) // Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ хабаршысы. Филология ғылымдары сериясы. – 2024. – №3 (74) – Б. 390-403.</p> <p>2. The linguocultural feature of phraseologisms// Торайғыров Университетінің хабаршысы. Филология сериясы. – 2025. – № 1 – Р. 180-192.</p> <p>3. Ұлттық болмыс пен мәдениет көрінісі: сан есімді фразеологизмдер контекстінде) //Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ хабаршысы. – 2025. – №2 (77) – Б. 184-207.</p> <p>4. Уақыт ұғымына байланысты фразеологизмдердің мәдени код ретіндегі сипаты (қазақ, орыс, ағылшын тілдері материалы негізінде) // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2025. – №3(137). – Б. 219-231.</p> <p><i>Халықаралық конференция:</i></p> <p>1. Құрамында түр-түс атаулары бар фразеологизмдердің ұлттық-мәдени ерекшеліктері. «Жұбанов тағылымы» атты дәстүрлі конференция жинағының материалы, Ақтөбе, 1 қараша, 2024. – Б. 241-244.</p>
13.	<p>Ресми рецензенттің шешімі (осы үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)</p>		<p>Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне Мүлкаманова Айгерім Жарылғасынқызына«8D02304 – Филология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін беру туралы өтініш білдіремін.</p>

- 1) Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне Мүлкаманова Айгерім Жарылғасынқызына «8D02304 – Филология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін беру туралы өтініш білдіру;
- 2) диссертацияны пысықтауға жіберу (диссертация мақалалар сериясы нисанында қорғалған жағдайлардан басқа);
- 3) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесін беруден бас тарту.

Мүлкаманова Айгерім Жарылғасынқызының «Этномәдени құндылықтардың фразеологизмдердегі көрінісі (қазақ, орыс, ағылшын тілдері материалдары негізінде)» жазылған диссертациялық жұмысы ғылыми жаңалығы мен практикалық маңызы бар, орындалу деңгейі тұрғысынан барлық талаптарға сай аяқталған жұмысына оң пікірімді бере отырып, «8D02304 – Филология » білім беру бағдарламасы мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайық деп есептеймін.

Рецензент:

Филология ғылымдарының докторы,
эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
А.Байтұрсынұлы атындағы Қазақ тіл білімі кафедрасының профессоры

К.Н.Смағұлова

